

## **Дәріс 1-2 Аграрлық құқықтың түсінігі, пәні, қағидалары және жүйесі**

Аграрлық құқықтың түсінігі, пәні, жүйесі, реттеу тәсілдері. Аграрлық құқықтың қағидалары, олардың жіктелуі. Аграрлық құқықтық қатынастардың түсінігі, түрлері және ерекшеліктері. Аграрлық құқықтық қатынастардың жіктелуі: Ішкі аграрлық құқықтық қатынас, олардың түрі, құрылымы, Сыртқы аграрлық құқықтық қатынастың түрі құрылымы.

**"Қазақстан Республикасының аграрлық құқығы" пәнін оқып, білудің мақсаты** — Қазақстанда аграрлық-құқықтық ғылымның қалыптасуы мен дамуы жөніндегі сұрақтармен таныстыру; нарықтық қатынас жағдайында Қазақстан Республикасының аграрлық заң дарының қалыптасуы мен дамуын оқыту; аграрлық құқықтың негізгі түсініктері мен терминдерін оқыту; Қазақстан Республикасындағы аграрлық кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтық жағдайының ерекшеліктерін қарастыру; Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығында аграрлық және жер реформаларының құқықтық бастамаларын оқыту.

**"Қазақстан Республикасының аграрлық құқығы" пәнін оқытудың міндеттері** - Қазақстан Республикасында ауылшаруашылығын мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздерін, аграрлық-құқықтық түсініктер және терминдер жөнінде қажетті білім мен ақпараттарды (мәліметтерді) алу: студенттердің; магистрлердің, аспиранттардың келешек ғылыми-теориялық қызметінде және практикалық (тәжірибе) жұмыстарында аталған курсты оқып білу барысында алған білімдерін қолдануды дағдыға айналдыру.

**"ҚР Аграрлық құқығы" пәнін оқу нәтижесінде студенттің қабылдайтын кем дегенде төменгі білімі, ептілігі мен дағдысы:**

"ҚР Аграрлық құқық" пәнінен студент Қазақстан Республикасының аграрлық заңдарының жүйесін, ауылшаруашылық ұйымдарының құқықтық жағдайының ерекшеліктерін, олардың жерге — негізгі еңбек құралына байланысты, құқықтарын білуі қажет; ауылшаруашылық қызметімен байланысты есептер мен дауларды шешу барысында аграрлық құқығының ережелерін дұрыс қолдана білуі тиіс.

ҚР Аграрлық құқығы Қазақстандағы аграрлық қызметті жүзеге асыру барысында пайда болып жүзеге асатын қатынастарды, атап айтқанда, ауыл шаруашылық ты мемлекеттік құқықтық реттеу, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық жағдайын реттеу, аграрлық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтар мен олар үшін қолданылатын жауапкершілік т.б көптеген қатынастар қарастырылады.

Аграрлық құқық аясындағы күрделі өзекті мәселелердің шешімін таба білу, заңды баға бере білу, ғылыми талдау жасап үйрену қажеттілігі.